

БЕКІТЕМІН
Жаяу Мұса атындағы
Ақсу жоғары көпсалалы
колледжінің басшысы

 К. Смагулов

2025г. « 05 » 

ЕРЕЖЕ

«SANALY URPAQ» ЕРІКТІ-ПАТРИОТТЫҚ КЛУБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Sanaly Urpaq» ерікті-патриоттық клубы – құқықтық білімді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау мақсатында құрылған білім алушылардың ерікті бірлестігі болып табылады.
- 1.2. «Sanaly Urpaq» ерікті-патриоттық клубы өзін-өзі басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.
- 1.3. «Sanaly Urpaq» ерікті-патриоттық клубы – колледж басшысы бекіткен осы Ереже негізінде әрекет ететін ересектер мен білім алушылардың бірлестігі.
- 1.4. «Sanaly Urpaq» ерікті-патриоттық клубының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.5. «Sanaly Urpaq» клубы өз қызметін реттейтін ішкі құжаттарды өз бетінше әзірлейді және қабылдайды.

2. «Sanaly Urpaq» клубының мақсаттары мен міндеттері

2.1. Мақсаттары:

- студенттер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін әлеуметтік-құқықтық білімді зерделеу және тарату;
- азаматтық ұстанымды арттыру.

2.2. Міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу.

3. «Sanaly Urpaq» клубының қызмет ету қағидаттары:

- еріктілік;
- жариялылық және ашықтық;
- адамгершілік, азаматтық және патриоттық тәрбие үшін жауапкершілік;
- клуб мүшелерінің құқықтық мәдениеті;
- клуб мүшелерінің ұжымдық ұйымдасуы;
- әрбір клуб мүшесінің мүддесіне, ар-намысына және пікіріне құрметпен қарау;
- әлеуметтік және қоғамдық пайдалы маңыздылық;
- жаңа білім іздеу, білім мен тәжірибе алмасу;
- әрбір мүшенің қызығушылығы мен қабілетіне сүйену;
- белсенділік, бастамашылдық және өзін-өзі басқару;

- жұмыста жеке тұлғалық көзқарас.

4. «Sanaly Ugraq» ерікті-патриоттық клубының рәмізі

4.1. Эмблема

5. «Sanaly Ugraq» клубының құрылымы және жұмысын ұйымдастыру

5.1. Клуб мүшелері болып «Sanaly Ugraq» клубының жұмысына белсенді қатысуға ниет білдірген колледж басшылығы, педагогикалық қызметкерлері, қызметкерлері және білім алушылары табылады.

5.2. Клуб мүшелігіне қабылдау клуб жиналысында ауызша өтініш беру негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Клуб отырыстары тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі.

5.4. «Sanaly Ugraq» клубының көшбасшысы:

* клуб қызметін ұйымдастырады;

* кезектен тыс отырыс өткізу қажеттілігі туралы шешім қабылдайды;

* әкімшілік кеңестерде, отырыстарда клуб қызметі мәселелері бойынша клубтың атынан өкілдік етеді.

6. «Sanaly Ugraq» клубы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

6.1. «Sanaly Ugraq» клубы мүшелерінің тең құқықтары бар:

- клубқа ерікті түрде кіру және шығу;
- «Sanaly Ugraq» клубының штабына сайлану және сайлау;
- қызметі клуб мақсаттарына қайшы келмейтін басқа ұйымдарға кіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша өз пікірін білдіру және ұсыныстар енгізу;
- клубтың әлеуметтік маңызы бар іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге қатысты ұсыныстар енгізу;
- «Sanaly Ugraq» клубы штабының иелігіндегі ақпаратты алу;
- өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін штабқа жеке жүгіну.

6.2. «Sanaly Ugraq» клубы мүшелері өз еркімен мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, қызмет саласына қатысты жалпыға ортақ құқық қағидаттары мен нормаларын, сондай-ақ колледж Жарғысында көзделген нормаларды сақтау;
- осы Ереженің талаптарын орындау;
- клубтың беделін сақтау және оның қызметін насихаттау.

7. Қорытынды ережелер

«Sanaly Ugraq» клубы заңды тұлға болып табылмайды, өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады, коммерциялық емес бірлестік болып табылады және Колледж аумағында әрекет етеді.

Колледж басшысының орынбасары



А. Мусатова-Албот